БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а.
_____ М.М. Умуркулова
«___» _____ 2026 ж.

Білім беру бағдарламасын жобалау және рәсімдеу бойынша нұсқаулық
(23.10.2026 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №4 хаттамасы)

1. Жалпы ережелер

1.1 Бұл нұсқаулық сыртқы талаптарды, академиялық еркіндік мүмкіндіктерін, білім беру бағдарламаларының республикалық тізілімін ескере отырып, барлық деңгейдегі білім беру бағдарламасын әзірлеу және жобалау тәртібін реттейді.

1.2 Білім беру бағдарламасы (БББ) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС), Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ), салалық біліктілік шеңберінің (СБШ), кәсіби стандарттардың (КС) талаптарына сәйкес, Дублиндік дескрипторлары мен ESG стандарттары негізінде әзірленеді. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).*

1.3 Білім беру бағдарламасы – мақсаттарды, нәтижелерді, мазмұнды, әдістерді, оларды бағалау критерийлерін реттейтін құжат.

1.4 Білім беру бағдарламасы білім алушылардың табысты мансап құруға, өмір бойы оқыту қағидатын іске асыруға қажетті жеке және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға көмектеседі.

1.5 Білім беру бағдарламасы тұрақты даму және экологиялық жауапкершілік құзыреттерін «Жасыл көпір» Стратегиясының мақсаттары мен ESG күн тәртібіне сәйкес интеграциялау негізінде пәндерді модульдік жүйеде оқытуға негізделіп жобаланады. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).*

1.6 Білім беру бағдарламасы мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі контексінде әзірленеді және оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттерді көрсетеді. Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті.

1.7 Ағылшын тілінде оқытылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ағылшын тілін меңгеру деңгейінің B2-ден төмен емес екенін растайтын халықаралық сертификаттардың (IELTS Academic, TOEFL iBT,

Cambridge English Qualifications немесе халықаралық деңгейде танылған өзге де сертификаттар) не оқыту тілі ағылшын тілі болған білім беру ұйымында білім алғанын растайтын құжаттың, не «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім туралы дипломның болуы міндетті шарт болып табылады. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).*

1.8 Білім беру бағдарламасының басшысы (бұдан әрі – ББББ басшысы) – бағдарламаларды әзірлеу, жаңарту, мониторингілеу, сондай-ақ барлық деңгейлер бойынша білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге жауапты тұлға. *(27.02.2025 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №11 хаттамасы)*

1.9 ББББ басшысы өз жұмысында «Білім туралы» ҚР Заңын және ҒЖБМ-нің нормативтік актілерін басшылыққа алады. *(27.02.2025 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №11 хаттамасы)*

1.10 ББББ басшысын тағайындау және босату факультет деканының ұсынысы негізінде академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-проректордың өкімімен жүргізіледі. *(27.02.2025 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №11 хаттамасы)*

1.11 Жасанды интеллект технологияларын пайдалану кезінде өндірушінің (құқық иеленушінің) атауын, нұсқасын және жүгінген және (немесе) пайдаланған күнін көрсететін сілтеме берілуі тиіс. Сараптамалық комиссия мүшелері көрсетілген деректерді сыни тұрғыдан тексеріп, верификациялауы қажет. *(Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасына сәйкес толықтырылды).*

2. Білім беру бағдарламасын әзірлеуге дайындық

1) Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеумен Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен құрылатын академиялық комитеттер айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді. Жаңа/инновациялық білім беру бағдарламасын ашуға өтінімді Академиялық кеңес отырысында қарау үшін беру мерзімі – ағымдағы жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмейді. (өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).

2) ББББ басшысы академиялық жұмыс департаментіне келесі параметрлерді талдау негізінде жаңа білім беру бағдарламасын ашу немесе қолданыстағы білім беру бағдарламасының өзгерістері туралы негіздеме ұсынады:

а) жаңа кәсіптер атласына сәйкес еңбек нарығының ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін және түлектердің жұмысқа орналасу перспективаларын анықтау;

б) келісу жүргізілетін ұйымдардың тізбесін қалыптастыру (жұмыс берушілер, салалық қауымдастықтар, бизнес өкілдері);

в) консультациялар, кездесулер, жұмыс берушілермен онлайн-кеңестер, сауалнамалар өткізу;

г) жұмыс берушілердің түлектердің құзыретіне, білімі мен дағдыларына қойылатын талаптарын айқындау;

д) бағдарлама мазмұны бойынша ұсыныстарды қалыптастыру немесе қорыту;

е) өңірде, жақын өңірлерде білім беру қызметтерінің бәсекелестік ортасына талдау жүргізу, осы бағдарламаны іске асыру кезіндегі мүмкіндіктер мен тәуекелдер, бәсекелестердің күшті және әлсіз жақтары;

ж) ББББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізу, оның ішінде қажетті кадрлық ресурстардың, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

з) Тәуелсіз сарапшылардың (білім беру ұйымдарының, салалық қауымдастықтардың және бизнес өкілдерінің) білім беру бағдарламасы жобасының еңбек нарығы талаптарына, МЖМБС-қа, ҰБШ-ға, СБШ-ға, кәсіптік стандарттарға және халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы қорытындысы Академиялық кеңеске ұсынылатын құжаттар пакетіне қоса тіркеледі. *(Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасына сәйкес толықтырылды).*

Жұмыс берушілермен консультациялар, кездесулер немесе онлайн-кеңестердің қорытындылары кафедра отырысының хаттамасында көрсетіліп, жұмыс берушілердің өтінімдері қоса ұсынылуы тиіс. Жұмыс берушілермен кездесу хаттамасының шешімі, әдетте, оқу нәтижелерін өзгерту (ОН), ББББ-ға жаңа пәндерді енгізу, өзекті тақырыптарды дипломдық жұмыстарға немесе магистрлік диссертацияларға қосу және т. б. болуы мүмкін. (өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).

ББББ негіздемесінде оқытудың пәндік саласы, бағдарламаның деңгейі, оның мақсаты көрсетіледі. Сипаттамада оның айрықша ерекшеліктері көрсетілуі керек.

3) Академиялық жұмыс бойынша департамент ББББ ашудың орындылығы туралы шешімді Академиялық кеңестің келісімі бойынша шығарады.

3. Білім беру бағдарламасын жобалау кезеңдері

ББББ жобалау «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан шығару негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығына сәйкес бірнеше кезеңдерде жүзеге асырылуға және ресімделуге тиіс

1-кезең. 5-нысанға сәйкес білім беру бағдарламасы түлегінің моделін әзірлеу.

Осы кезеңді іске асыру шеңберінде әзірлеушілер тобы ұлттық біліктілік шеңберлерін, салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды, жетекші, шетелдік жоғары оқу орындарының ББББ, МЖМБС, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын және т.б. талдайды. Осымен қатар, әзірлеушілер тобы ББББ түлегінің негізгі құзыреттерін анықтау үшін жұмыс берушілерден сауалнама ұйымдастырады, соның ішінде Soft skills, Digital skills, Hard skills. Осының негізінде форма бойынша түлектің моделі жасалады.

Түлектердің құзыреттілігінің үш түрі бар:

1) мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Soft skills). Оларға тілдерді білу, технологиялық сауаттылық, креативтілік, кәсіпкерлік, әлеуметтік интеллект, сыни ойлау, топ мүшелерімен ынтымақтастық, клиентке бағдарлану, тұтынушының сұраныстарымен жұмыс істей білу, тез шешім қабылдай білу, жұмыс жағдайларының өзгеруіне жауап беру, ресурстарды бөлу және уақытты басқару және т. б. кіреді.

2) сандық құзыреттер (Digital skills). Олар деректерді құру және жинау, оларды өңдеу және талдау, сондай-ақ кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша белсенділікті қоса алғанда, цифрлық ортада және цифрлық өнімдермен жұмыс істеу бойынша құзыреттер кешенін қамтиды.

3) әрбір маманға кәсіби қызметтің кез келген жағдайында сауатты әрекет етуге мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттер (Hard skills).

2-кезең. 2-нысанға сәйкес анықталған құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау.

Бұл кезеңде әзірлеушілер тобы оқу нәтижелерін түлек моделінде сипатталған құзыреттерге сүйене отырып тұжырымдауы керек. Оқыту нәтижелері (бұдан әрі – ОН) төмендегі сипаттамаларын басшылыққа алуы керек:

а) ОН барлық білім беру бағдарламалары үшін қалыптастырылады, олардың саны 13-тен аспауы тиіс;

б) ОН бағдарламаның мәнмәтінін, деңгейін, ауқымын және мазмұнын көрсетуі, алдағы еңбек нарығының қажеттіліктеріне бағдарлануы тиіс;

в) ОН өзара байланысты болуы тиіс;

г) ОН-ның күрделілік дәрежесі мен мазмұны білім беру бағдарламасының деңгейіне сәйкес келуі тиіс;

д) ОН көрсетілген еңбек шығындарының көлемі шеңберінде қолжетімді болуы тиіс;

е) ОН құзыреттер көрінісінің кәсіби және жеке мәнмәтінін нақтылауы, Блум таксономиясынан белсенді етістіктер арқылы еңбек функцияларын сипаттауы тиіс (3-қосымша);

ж) Оқыту нәтижелері үшінші жақтың жекеше түріндегі белсенді етістіктен басталады және білім алушылардың кәсіби қызмет аясында не істейтінін білдіреді.

з) ОН тұжырымдары қысқа болуы тиіс;

и) Әрбір ОН түсінікті, өлшенетін және қолжетімді болуға тиіс.

3-кезең. 3-нысан бойынша оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау.

Бұл кезеңде әзірлеушілер тобы оқытудың тұжырымдалған нәтижелеріне байланысты пәндердің модульдерін анықтауы керек. Бір нәтижеге бір модульге кіретін бірнеше пәндер арқылы қол жеткізуге болады. Модульдің атауы оған кіретін пәндердің мазмұнына байланысты жалпылама сипатта болуы тиіс. Пәннің атауы оқу тақырыбын көрсетуі керек. Әрбір пән ECTS нұсқасы бойынша кредиттердің көлемімен сүйемелденеді.

ББББ жобасын әзірлеу кезінде жұмыс берушілердің пікірлерінің, қорытындылары мен хаттарының қорытындылары бойынша ұсынымдарын ескере отырып, пәндер тізбесі қалыптастырылады.

4-кезең. 4-нысан бойынша пәндердің сипаттамасы және жалпы еңбек сыйымдылығын анықтау. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).*

Бұл кезеңде әзірлеушілер тобы пәндерге сипаттама беріп, кредиттер көлемін айқындауы қажет.

Пәннің сипаттамасында оқыту нәтижелеріне қол жеткізу индикаторлары ретінде оның мақсаты мен мазмұны көрсетіледі. Пәнді сипаттау кезінде «Білім/түсінік немесе дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады...» түріндегі міндетті синтаксистік құрылымды қолдану қажет. Қажет болған жағдайда сипаттаманы жалғастыру үшін «... мәселелері қарастырылады», «Курс ... зерделеуге арналған» және т.б. сөз тіркестерін қолдануға болады. Пәннің сипаттамасында терминдер, дәрістерден, оқулықтардан алынған үзінділер және т.б. болмауы тиіс. Пәндердің қайталануына, сондай-ақ әртүрлі пәндердің сипаттамаларының бірдей болуына жол берілмейді. Әр оқу пәні қайталанбайтын бір атаудан құралады. Республикалық тізілімнің техникалық параметрлерін ескере отырып, пәннің сипаттамасында 40 сөзден артық қолданбау ұсынылады. *(Ғылыми кеңестің 23.10.2026 жылғы №4 хаттамасына сәйкес толықтырылды).*

Пәндерге академиялық мәртебе беру циклдер мен компоненттерді белгілеу үшін Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС - да пайдаланылатын ұғымдардың көмегімен жүзеге асырылады:

- Жалпы білім беретін: Қазақстан тарихы, Философия, Қазақ тілі (Орыс тілі), Шетел тілі (ағылшын тілі), Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Дене шынықтыру, Саясаттану, Әлеуметтану, Мәдениеттану, Психология; *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).*
- базалық, бейіндеуші пәндер;

- ЖОО компоненті және таңдау компоненті.

5-кезең. 1-нысан бойынша білім беру бағдарламасының паспортын әзірлеу.

Бұл кезеңде әзірлеушілер тобы 18 параметр бойынша білім беру бағдарламасының паспортын жасайды. Олардың әрқайсысы білім беру бағдарламаларының республикалық Тізілімінің талаптарына сәйкес сипатталуы тиіс.

Параметр 1. Білім беру бағдарламаның коды және атауы. Білім беру бағдарламасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес шифрланады. Білім беру бағдарламасының атауы оның мазмұнын көрсетуі, қысқа, нақты, тартымды және ақпараттық болуы тиіс.

Параметр 2. Білім беру саласының коды және жіктелуі. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).* 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес келуі тиіс.

Параметр 3. Білім беру саласының коды және дайындық бағыттары. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).* 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес келуі тиіс.

Параметр 4. Білім беру бағдарламаларының тобы. Бұл дайындық бағыты бейінінің ортақтығымен біріктірілген және білім берудің белгілі бір саласы шеңберінде дайындықты қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының жиынтығы. ББ тобы ҚР БҒМ 2021.06.03 № 264 бұйрығымен бекітілген ББ топтарының тізбесіне сәйкес келуі тиіс.

Параметр 5. Кредиттер көлемі. Оқудың барлық кезеңіндегі жалпы еңбек сыйымдылығы көрсетіледі:

- бакалавриатта - кемінде 240 академиялық кредит; екі сабақтас мектеп пәні бойынша ББ үшін - 300 кредит;
- магистратурада – 120 академиялық кредит (2 жыл); 60 академиялық кредит (1 жыл);
- докторантурада - 180 академиялық кредит.

Параметр 6. Оқыту түрі. Күндізгі оқу нысаны көрсетіледі.

Параметр 7. Оқыту тілі. Қазақ, орыс, шет тілдері жататын бір немесе бірнеше оқыту тілі көрсетіледі.

Параметр 8. Берілетін дәреже. Дәреженің атауы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-ның 4-қосымшасына сәйкес білім беру салалары мен деңгейлеріне сәйкес келуі тиіс.

Параметр 9. Білім беру бағдарламаның түрі. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан шығару негіздерін бекіту

туралы» ҚР БҒМ 12.10.2022 ж. № 106 бұйрығына қосымшаға сәйкес білім беру бағдарламасының түрін көрсету қажет

а) қолданыстағы ББББ – ЖОО-да даярлау жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы;

б) жаңа ББББ – тізілімге енгізілгенге дейін ЖОО-да кадрлар даярлау жүзеге асырылмаған білім беру бағдарламасы;

в) инновациялық ББББ – ҚР-да баламасы жоқ білім беру бағдарламасы алғаш рет қолданысқа енгізіледі.

Параметр 10. БСХСЖ бойынша деңгей. Бұл білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі, оған сәйкес бакалавриат 6 деңгейге, магистратура 7 деңгейге, докторантура 8 деңгейге жатады.

Параметр 11. ҰБШ бойынша деңгей. Бұл ұлттық біліктілік шеңбері, оған сәйкес бакалавриат 6 деңгейге, магистратура 7 деңгейге, докторантура 8 деңгейге жатады.

Параметр 12. СБШ бойынша деңгей. Бұл салалық біліктілік шеңбері – біліктілік деңгейлерінің құрылымдық салада танылған сипаттамасы. Салалық біліктілік шеңберінің деңгейлерін айқындау үшін "Атамекен" ҰКП сайтында орналастырылған СБШ мен кәсіби стандарттарды зерделеу қажет.

Параметр 13. ББББ-ның айрықша ерекшеліктері. Оларға бірлескен (SOP) және қос дипломды (DDOP) білім беру бағдарламалары сияқты сипаттамалар кіреді. Сонымен қатар, мұнда серіктес университетті көрсету қажет.

Қос дипломды білім беру - екі тең дәрежелі диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі білім беру бағдарламасы бойынша оқу мүмкіндігі.

Қос дипломды білім беру бағдарламалары екі әріптес ЖОО арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

Бұл ретте қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары:

а) келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

б) қос дипломды білім беруге енгізілген білім алушылардың жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің әріптестік ұйымындағы білім беру бағдарламасының бір бөлігін меңгеруі;

в) уағдаластықтар, сапаны қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде оқыту кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде тану және автоматты түрде қайта есепке алу;

г) білім алушыны қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізу оның өтініші негізінде және әріптес ЖОО-мен жасалған келісімге (шартқа) сәйкес жүзеге асырылады;

д) білім алушы әріптес ЖОО-да қабылдау рәсімдерінен өтеді;

е) қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізілген шетелдік білім алушылар "енгізілген білім" деген ерекше белгімен және оқыту кезеңін, мерзімін, пәндер санын және игерілетін кредиттердің көлемін көрсете

отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас рәсімдерінен өтеді;

ж) қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша оқыту барысында әртүрлі оқыту технологияларын, оның ішінде қашықтан оқыту технологияларын қолдануға болады. *(Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасына сәйкес толықтырылды).*

Бірлескен білім беру бағдарламалары екі әріптес ЖОО арасындағы келісім негізінде әзірленеді. Бірлескен білім беру бағдарламасын жобалау кезінде серіктес ЖОО-да оқытылатын пәндер немесе модульдер жиынтығы айқындалады. Серіктес ЖОО-да меңгерілген пәндер университеттің атауы көрсетіле отырып, дипломға қосымшаға енгізіледі.

Параметр 14. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі. Бұл ақпарат университеттің персоналды басқару басқармасындағы лицензияда көрсетілген.

Параметр 15. Аккредиттеу органының атауы және ББББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі. Бұл ақпарат аккредиттеу туралы сертификатта.

Параметр 16. Кәсіптік стандарттың атауы (болған жағдайда). *(Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасына сәйкес толықтырылды).*

Параметр 17. ББББ мақсаты. ББББ мақсаты мынадай сипаттамаларды көрсетуі тиіс:

а) нақты болу;

б) өзекті болу;

в) қолжетімді болу;

г) университет пен факультеттің миссиясымен және стратегиялық мақсаттарымен байланысты болу;

д) өлшемді болу;

е) икемді болу.

Параметр 18. Түлектің біліктілік сипаттамасы. Ол келесі ақпаратты қамтиды:

а) түлек лауазымдарының тізбесі (түлек қандай лауазымдарда жұмыс істей алады);

б) түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері (түлек қандай ұйымдарда жұмыс істей алады);

в) түлектің кәсіби қызмет түрлері (мысалы: білім беру, зерттеу, басқару, есептеу-жобалау және т.б.);

г) түлектің кәсіби қызметінің функциялары (оқыту, басқару, жобалау, инжиниринг, бағдарламалық сүйемелдеу, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, бизнесті заңды сүйемелдеу және т.б.).

Білім беру бағдарламасының титулдық парағын және соңғы бетін рәсімдеу

ББББ-ның титулдық бетінде көрсетілуі керек:

- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (қою);
- «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ (қою);
- ББББ бекіту аймағы (сол жақта);
- ББББ сәйкестендіру аймағы (ортаға тураланған/қалың қаріппен);
- қала мен әзірленген жылы көрсетілетін аймақ (парақтың төменгі жағында, ортаға тураланған);
- сол жақ жоғарғы бұрышта **«БЕКІТІЛГЕН»** деген сөз, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ Басқармасы шешімінің хаттама нөмірі мен күні, Ректордың қолы және аты-жөні көрсетіледі.

КЕЛІСІМ ҚАҒАЗЫ:

Білім беру бағдарламасын келісу аймағында «КЕЛІСІЛДІ» деген сөздер, жауапты тұлғаның лауазымы, жұмыс беруші ұйымның атауы, қол қою және күнді көрсетуге арналған орын белгіленеді.

Сәйкестендіру аймағында білім беру бағдарламасының коды, атауы және білім беру деңгейі көрсетіледі.

Білім беру бағдарламасының соңғы бетінде төмендегілер көрсетілуі тиіс:

- әзірлеушілер тобы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, қолы);
- факультет Кеңесінің отырысы хаттамасына сілтеме;
- Академиялық кеңес отырысы хаттамасына сілтеме;
- Ғылыми кеңес отырысының хаттамасына сілтеме;
- Басқарма отырысы хаттамасына сілтеме;
- академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-проректордың, академиялық жұмыс бойынша департаментінің директорының, факультет деканының, сондай-ақ кафедра меңгерушісінің (егер ол әзірлеушілер тобына кірмеген болса) қол қою аймағы.

«Білім беру бағдарламасында бөлімдердің атаулары мен олардың орналасқан беттерін көрсететін «Мазмұны» атты құрылымдық элемент түрінде навигация болуы тиіс.»

6-кезең. Түлектің атрибуттары мен моделін анықтау

Түлектің атрибуттары мен модельдерінде қол жеткізілген оқыту нәтижелерінде көрсетілген құзыреттіліктер көрсетіледі. 5-нысан

4. Білім беру бағдарламасын қарау және бекіту тәртібі

Әзірленген білім беру бағдарламасы жобасы сыртқы сарапшылардың оң қорытындысын алғаннан кейін «Академиялық кеңес туралы Ереже» 5.2.1–5.2.3-тармақтарына сәйкес Академиялық кеңестің сараптамасынан өтеді. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).* Сараптама нәтижелері бойынша үш қорытындының біреуі берілуі мүмкін:

1) ББББ жобасын мақұлдау;

2) ББББ жобасын пысықтау;

3) ББББ жобасын қабылдамау.

ББББ факультет кеңесінде, Академиялық кеңес отырысында, Ғылыми кеңес отырысында қарастырылады және университет Басқармасының отырысында бекітіледі. *(Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасына сәйкес толықтырылды).* Пысықтауға жіберілген ББББ жобасы әзірлеушілер тобының бастамасы бойынша 5 күн ішінде қайта қаралуы мүмкін. ББББ жобасын пысықтау процесінің ұзақтығы 10 күннен аспауы тиіс. Мақұлданғаннан кейін бекітілген білім беру бағдарламасы сыртқы сараптама үшін ҚР ҒжЖБМ тізіліміне енгізіледі. ҚР ҒжЖБМ тізіліміне енген ББББ бітіруші кафедрада бір данада сақталады.

5. Білім беру бағдарламасын Тізілімнен алып тастаудың негіздері:

а) білім беру бағдарламасының өзектілігін жоғалтуы;

б) бакалавриат білім алушыларының контингенті немесе түлектер саны 3 (үш) адамнан аз болуы;

в) білім беру бағдарламасы Тізілімге енгізілген сәттен бастап 4 (төрт) жыл ішінде тиісті даярлау бағыттары бойынша қолданыстағы және жаңа кәсіптік стандарттар негізінде жаңартылмауы;

г) аккредиттеудің болмауы немесе оның қолданылу мерзімінің аяқталуы;

д) білім беру бағдарламасы Тізілімнен алып тасталған жағдайда, білім беру бағдарламасын қайта ашуға өтінім беруге жол берілмейді.

(Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасына сәйкес толықтырылды).

6. Білім беру бағдарламасын техникалық рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар

а) бет пішімі – А4 (альбом);

б) негізгі мәтін қарпі және беттердің нөмірленуі: Times New Roman немесе Times New Roman KZ;

в) кегль – 12; беттерді нөмірлеу кезінде – 10;

г) теңестіру – формат бойынша;

д) жоларалық интервал – дара;

е) тасымалдарды автоматты орналастыру;

ж) азат жол – 1 см;

з) беттің параметрлері: жоғарғы және төменгі жиегі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.

7. Зияткерлік меншік құқықтары

7.1. Білім беру бағдарламасына құқықтар «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ-қа тиесілі. Білім

беру бағдарламасын немесе оның фрагменттерін университеттің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғалардың пайдалануына тыйым салынады. *(Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 23 қазандағы №4 хаттамасына сәйкес толықтырылды).*

8. Осы Нұсқаулыққа өзгерістер енгізу Академиялық жұмыс департаментінің бастамасы бойынша Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісілгеннен кейін жүзеге асырылады. Өзгертілген Нұсқаулықты университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры бекітеді.

ББББ титулдық парағы

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ

«БЕКІТІЛГЕН»
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарманың шешімімен
Хаттама №__ «_____» _____ 202__ ж.
_____ проф. Н.О. Дулатбеков

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Шифр – Атауы

Деңгейі:

Қарағанды қ.

20_

КЕЛІСІМ ҚАҒАЗЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «Шифр және ББББ атауы»

«КЕЛІСІЛДІ»

Лауазымы, ұйымның атауы

_____ Аты-жөні, тегі

20__ж. «_____» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Лауазымы, ұйымның атауы

_____ Аты-жөні, тегі

20__ж. «_____» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Лауазымы, ұйымның атауы

_____ Аты-жөні, тегі

20__ж. «_____» _____

ББББ мазмұны

Мазмұны

№	Бөлім атауы	Беттер
1.	1-нысан. Білім беру бағдарламасының паспорты	
2.	2-нысан.....	
3.	3-нысан.....	

1 нысан

Білім беру бағдарламасының паспорты

№	Параметр атауы	Сипаттамасы
1.	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	Қоюмен емес
2.	Білім беру саласының коды және жіктелуі	
3.	Білім беру саласының коды және дайындық бағыттары	
4.	Білім беру бағдарламаларының тобы	
5.	Кредиттер көлемі	
6.	Оқыту түрі	
7.	Оқыту тілі	
8.	Берілетін дәреже	
9.	Білім беру бағдарламаның түрі	
10.	БСХСЖ бойынша деңгей	
11.	ҰБШ бойынша деңгей	
12.	СБШ бойынша деңгей	
13.	ББББ-ның айрықша ерекшеліктері	
14.	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	
15.	Аккредиттеу органының атауы және ББББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі	
16.	Кәсіптік стандарттың атауы	
17.	ББББ мақсаты	
18.	Түлектің біліктілік сипаттамасы	

2 нысан

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)	Еңбек функциялары
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Soft skills)	ОН 1		
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):			
3. Кәсіби құзыреттер: (Hard skills)			
	ОН 13		

3 нысан

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер және практикалардың атауы	Көлемі
	Қорытынды аттестаттау		

4 нысан

Пәндердің сипаттамасы және жалпы еңбек сыйымдылығын анықтау

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Цикл	Компонент	Кредиттер саны
D1					
D2					
D3					
D4					
D5					
D6					
D7					
D8					
D9					
D10					

5 нысан

Білім беру бағдарламасы түлегінің атрибуттары мен моделі

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Soft skills)	
2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	
3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hard skills)	

Соңғы бет

Жұмыс тобының мүшелері:

Қызметі қолы Аты-жөні, тегі

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «____» _____ 20____ж. Хаттама № ___
Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды «____» _____ 20__ж. Хаттама № _
Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесі отырысында қарастырылды «____» _____ 20__ж. Хаттама № _
Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «____» _____ 20___ж. Хаттама № __

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-проректор қолы Аты-жөні, тегі
Академиялық жұмыс департаментінің директоры қолы Аты-жөні, тегі
Факультет деканы қолы Аты-жөні, тегі

Оқыту нәтижелерін тұжырымдауда қолданылуы мүмкін етістіктердің үлгі тізбесі

Білімді ашу үшін қолданылатын етістіктер:
Анықтау, сипаттау, санау, табу, байланыстыру, бекіту, жазу, өлшеу, салыстыру, қайта қарау, шығару, көрсету, атау.
Түсінуді ашу үшін қолданылатын етістіктер:
Қорытындылау, сипаттау, салыстыру, жіктеу, қарама-қайшылық, түрлендіру, талқылау, ажырату, анықтау, бағалау, түсіндіру, тұжырымдау, мысалдар келтіру, түсіндіру, аудару, білдіру, иллюстрациялау, талқылау, болжау, ұсыну, таңдау.
Пайдалану қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:
Қолдану, бағалау, өзгерту, таңдау, көрсету, ажырату, есептеу, түсіндіру, қалай суреттеу, болжау, дайындау, өндіру, байланыстыру, көрсету, шешу, зерттеу, тексеру, есептеу, құру, өзгерту, жіктеу, эксперимент, шешім қабылдау.
Талдау қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:
Талдау, бөлу, жіктеу, жіктеу, салыстыру, қорытындылау, қарсы қою, сынау, диагноз қою, түсіндіру, біріктіру, саралау, ажырату, зерттеу, негіздеу, қорытынды жасау.
Синтездеу қабілетін ашу үшін қолданылатын етістіктер:
Санау, бекіту, біріктіру, құрастыру, қорытындылау, құру, алу, әзірлеу, тұжырымдау, жалпылау, орнату, түрлендіру, өзгерту, ұйымдастыру, жоспарлау, ұсыну, ойлап табу, қайта құру, есеп беру, қайта қарау, таңдау, синтездеу, оқыту, айту.
Бағалау дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:
Бағалау, құндылықты анықтау, шешім қабылдау, анықтау, саралау, ұсыну, таңдау, ажырату, салыстыру, қорытындылау, сынау, қорғау, растау, рейтинг жасау, жалпылау.
Мәселелерді шешу дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:
Шешім қабылдау, таңдау, анықтау, ұсыну, жоспарлау, растау, бағалау, тұжырымдау, іс-қимыл тәртібін сипаттау, әзірлеу, нұсқаларды ұсыну.
Қарым-қатынас дағдыларын ашу үшін қолданылатын етістіктер:
Қарым-қатынас жасау, білдіру, түсіндіру, жауап беру, пікірталас, қорғау, шолу жасау, емтихан тапсыру, айту, үйрету, ұсыну, қорытынды жасау.